

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1994 жылғы 14 қазандағы Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтыру туралы III сессиясының Қаулысын және 1995 жылғы 7 ақпандағы IV сессиясының III сессия қаулысының N 7-9 қосымшасын 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкестендіру туралы

Күшін жойған

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі I сайланған XVI сессиясының 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Алматы қалалық Әділет басқармасында 1998 жылғы 13 қаңтарда N 4а тіркелді Күші жойылды - III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XVIII сессиясының 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 184 шешімімен.

1. 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қоршаған орта саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен жергілікті басқару органдары құзыретінің өзгеруіне байланысты "Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтыру туралы" 1994 жылғы 14 қазандағы III сессиясы Қаулысының I тармағының күші жойылған деп т а н ы л с ы н .

2. Алматы қаласының Әкіміне "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 2 тармағына, 67 бабына сәйкес Алматы қаласындағы ерекше қорғалатын аумақтарды ұйымдастыру туралы мәселені қарау және шешім қабылдау, Қазақстан Республикасының Парламентіне " Алматы қаласының мәртебесі туралы" ҚР Заңының Жобасына Алматы қаласының аумағын ерекше қорғалатын аумақ деп жариялау туралы ережені қосу жөнінде ұ сы ны с ж а с а у с ұ р а л с ы н .

3. 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29 бабының 3-тармағына орай жергілікті өкілді және атқарушы органдар өкілеттігінің өзгерісіне байланысты "Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтыру мәселелері туралы" 1994 жылғы 14 қазандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихат III сессиясы қаулысының 3.1. тармағы мен N 1, 2, 3 қосымшаларының күші жойылған деп танылсын.

Алматы қаласының әкіміне жоғарыда көрсетілген ставкаларды "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 29 бабының 3 тармағына сәйкес бекіту ұсынылсын.

4. 3.3., 3.4., 3.5 тармақшалар мына редакцияда мазмұндалсын:

3.3. т. Алматы қаласына жеткізілетін және өткізілетін автотранспорт

жанармайына экологиялық бақылау жөніндегі Ереже;

3.4. т. Алматы қаласындағы су қорғау аймағы мен шағын өзен жағалауларының жиектерін анықтау тәртібі;

3.5. т. Алматы қаласының аумағында жерді иелену, пайдалану, жалға өткізу құқығын беру жөніндегі экологиялық ереже.

5. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабының 2 тармағына орай жергілікті өкілдері және атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары құзыретінің өзгеруіне байланысты "Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтыру мәселелері туралы 1 сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1994 жылғы 14 қазандағы III сессиясының қаулысына N 7 қосымшаны бекіту туралы 1995 жылғы 7 ақпандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты IV сессиясы қаулысының I тармағы - "Алматы қаласындағы ерекше қорғалатын табиғи объектілердің мәртебесі туралы" N 7 қосымшаның күші жойылсын.

Алматы қаласының Әкіміне осы ережені "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес күшіне енгізу туралы ұсынылсын.

1995 жылғы 7 ақпандағы I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты IV сессиясы қаулысының 2 тармағы мына редакцияда мазмұндалсын:

Өндірістік-тұрмыстық қалдықтардың құралуы тасымалдануы және орналастырылуы жөніндегі негізгі экологиялық ережелер бекітілсін және күшіне енгізілсін / N 9 қосымша /.

6. Алматы қаласының әкіміне экономикалық, әлеуметтік және экологиялық ахуалдағы болған өзгерістерге байланысты Алматы қаласы экологиялық ахуалын сауықтыру Бағдарламасына өзгеріс енгізу және келесі сессияның қарауына енгізу ұсынылсын.

*I с а й л а н ғ а н
Алматы қалалық Мәслихаты
XVI сессиясының төрағасы*

*I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*